Анықтама

Талғайран негізгі мектебінде «Қауіптің алдын ал.Тұмау маусымына дайын бол!» тақырыбында оқушылардың денсаулығын сақтау мен маусымдық аурулардың алдын алу мақсатында мектеп медбикесі Қ. Нәбішева түсіндірме жұмысын жүргізді.

Тұмау және жұқпалы респираторлық аурулардың таралу жолдары мен сақтану шаралары кеңінен талқыланды . Тұмаудың белгілері,оның асқынуы, жеке бас гигиенасының маңызы,дұрыс тамақтану мен иммунитетті күшейтудің жолдары туралы пайдалы мәліметтермен бөлісті.

Мақсаты: оқушылардың санитарлық-гигиеналық сауаттылығын арттырып, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Денсаулығы мықты ұрпақ-ел болашағының кепілі.

https://www.facebook.com/share/p/1AGbKsoC9M/






ДТІЖО: Ж.Ахметова
Мектеп медбикесі: Қ. Нәбішева
Әлеуметтік педагог: Г.Агманова

Анықтама

Талғайран негізгі мектебінде «Электронды темекінің денсаулыққа зияны» тақырыбында жиналыс өтті.

Мақсаты:Электрондық темекінің ағзаға тигізетін кері әсерін және одан туындайтын ауру түрлерін айта отырып, зиянды әсерін ашу. Шылым шегудің зиянды жақтарын аша отырып, одан жиркенуге, темекі - у екенін айтып, топ болып жұмыс істеуге тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын қалыптастыру, жат қылықтан аулақ болуға тәрбиелеу.










ДТІЖО: Ж.Ахметова
Мектеп медбикесі: Қ. Нәбішева
Әлеуметтік педагог: Г.Агманова
Тәлімгер: А. Бердигалиева

***Талғайран негізгі мектебі***

***Тақырыбы:***

***«Ерте жүктіліктің алдын-алу және***

***АПВ екпесі туралы түсінік жұмыстары жүргізілді***

# Анықтама

Талғайран негізгі мектебінің 2025-2026 оқу жылының қаңтар айында «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында мамандардың қатысуымен 7,8,9 сыныбының қыздар арасында жиналысы өтті.

Мазмұны:

Мамандар ерте жүктіліктің себептері мен салдары туралы түсіндірді.

Репродуктивті денсаулықты қорғау жолдары мен жауапты мінез-құлықтың маңызы айтылды.

Жыныстық сауаттылық ,отбасылық құндылықтар және әлеуметтік қолдау қызметтері туралы ақпарат берілді.

Қорытынды:

Кездесу барысында оқушылар ерте жүктіліктің алдын алу жолдары туралы толыққанды түсінік алды. Жастардың жауапкершілігі мен денсаулық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды ақпарат жеткізілді.








ДТЖО: Ж.Ж.Ахметова

Тәлімгер: А.М. Бердіғалиева

Әлеуметтік педагог: Г.М. Агманова

Мектеп медбикесі: Қ. Нәбішова

**«Талғайран негізгі мектеп» мемлекеттік коммуналдық мекемесі**

«Тамақтану сауаттылығы» атты іс-шара туралы мәлімет

22.01.2025жыл

22 қаңтар күні жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастырылуы бойынша жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Тамақтану сауаттылығы» атты іс-шарасы ұйымдастырылды. Мақсатымыз оқушыларға мектеп асханасында тамақтану әдебі мен қағидалары туралы түсінік беріп, дұрыс тамақтану мәдениетін және сауатын қалыптастыру, пайдалы тамақтану туралы мәлімет беріп, асхана әдебі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Іс-шараға 1-9 сынып оқушыларының ыстық тамақ ішетін оқушылары қатысты. Әлеуметтік педагог Агманова.Г.М. оқушыларды асхананың жұмыс уақытымен таныстырып, асханада тамақтану тәртібі жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, оқушылар сұрақ қойып, өз жауаптарын алды. Медбике қызметкері Нәбішева.Қ ас мәзіріне кіретін тағам түрлеріне тоқталып, күнделікті рационда болуы тиіс тағам түрлеріне, витаминдердің тәуліктік мөлшеріне байланысты ақпараттарды беріп, оқушыларды салауатты тамақтануға шақырды.

Сонымен қатар ас мәзірінде болған өзгеістер мен тамақтану қағидаларын бұзбау, ыстық тамаққа уақытылы бару, асхана мәдениеті жайла ақпараттар берілді.

Іс-шара сынып кабинеттерінде өткізілді.

Әлеуметтік педагог: Агманова Г

Мектеп медбикесі : Нәбішева Қ















Қажюттула Эйкоркли

у



2 «а»
Кожачали Сафия



Зиянды тағамдар



Айтдали Галина "2 д"



**Талғайран негізгі мектеп » мемлекеттік коммуналдық мекемесі**

***«Денсаулыққа зиянды тағамдар тақырыбында өткізілген »***
***іс-шара туралы мәлімет***

4.03.2026ж.

Ағымдағы жылдың 4 наурыз күні Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастырылуы бойынша жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Денсаулыққа зиянды тағамдар» атты іс-шарасы ұйымдастырылды. Ондағы мақсат  ыстық тамақ ішетін оқушыларға мектеп асханасында тамақтану әдебі мен қағидалары туралы түсінік беріп, дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру, ыстық тамақ ішіп жүрген оқушылардан кері байланыс алып, анықталған олқылықтар бойынша жұмыстар атқару.

Іс-шараға бастауыш сынып оқушыларының ыстық тамақ ішетін оқушылары қатысты.. Іс-шара барысында мектептің әлеуметтік педагогы Агманова.Г.М.«Денсаулыққа зиянды тағамдар» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, оқушылар сұрақ қойып, өз жауаптарын алды. Медбике қызметкері Нәбішева Қ. Мектеп асханасында сақталуы тиіс санитарлық-гигеналық талаптар, асхана тағамдарының мөлшері, дұрыс тамақтану қағидалары туралы баяндама оқыды.

Әлеуметтік педагог: Агманова.Г

Мектеп медбикесі : Нәбішева.Қ